

ӘОЖ 1751

«ОТ» КОНЦЕПТІСІ: МИФТІК ТАНЫМ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Гиниятова Айшабиби Айдарқызы

aishabibi@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология мамандығының 4-курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD доктор Г.Сағынадин

Концепт ұғымы - әлемнің барлық тілдеріне тән және әмбебап болып келетін және әр ұлттың дүниетанымы мен өзіндік ерекшелігін бейнелейтін ерекше ұғым. Зерттеу нысаны ретінде менің таңдаған «От» ұғымын дәл осы параметрлер анықтайды.

«Концепт» сөзін алғаш гуманитарлық ғылымдар саласында орыс ойшылы С.А.Аскольдов қолданған болатын. Ол танымдық және көркемдік концепт деп жіктегенімен, арасында соншалық шек болмайтынын, екеуінің кей кездерде астасып кететінін атап көрсетеді. Сондай ақ, көркем концептінің айқындалмаған мүмкіндіктерді танытатынына, алмастырушылық, яки «орынбасарлық» қызметіне, дәл осы қызметінің символдық мәніне ерекше тоқталады [1, 85].

«От» концептісін вербализациялаумен (етістікке айналу) байланысты лингвистикалық бірліктерді зерттеу барысында В.И.Карасик пен Г.Г.Слишкиннің «Лингвомәдени тұжырымдама зерттеу бірлігі ретінде» атты мақаласына сүйендім. Сондай-ақ, В.И.Карасиктің «Тілдік тұлға тіліндегі мәдени доминанттар: мәдени түсініктер» атты монографиясын ерекше атап өткім келеді.

Бүкіл әлем халықтарының өміріндегі от ерекше орын алады. Біріншіден, от - жылу мен жарық көзі. Суық, ұзақ қыста адам жылу мен энергияны оттан алады, ал жылы мезгілде от күнделікті өмірде қажетті көз ретінде қолданылады. Ал осы жылу, жарық көзі қайдан пайда болды деген сұрақ тек бізді ғана емес, бізге дейінгі ата-бабамызды мазаландырған мәселе. Осы мәселе әлем халықтарының барлығында дерлік кездеседі. Оттың шығу тегіне байланысты көптеген аңыздар мен ертегілер бар. Оларды жалпы үш түрге бөліп қарастырсақ болады. Олар:

а) оттың жануы мен пайда болуы туралы мифтер;

ә) отты жарық көзі, күн, ретінде қарастыру, яғни космогониялық немесе аспандық мифология;

б) ал үшіншісі, аз да болса да, теизм танымымен байланысты. От құдайы туралы аңыздар.

Аңыздар арқылы әлем халықтарының, ұлттарының арасындағы байланысты, туыстық қарым-қатынасты байқауымызға болады. Аңыздар ата-бабамыздың бір затқа сенгендігінің, табынғандығының, пір тұтқандығының бейнесі, айқындығы. Себебі, туыстас тілдерде оттың шығуына немесе күн культіне байланысты мифтер өте ұқсас болып келеді. Жоғарыда бөлгенімдей, енді «от» концептісіне байланысты әлем халықтарындағы аңыздарға және оны зерттеген ғалымдарға жеке-жеке тоқталғым келеді.

Алғашқы оттың жануы және пайда болуы туралы мифтер. Кез келген мифологияда негізгі мәдени объектілердің бірі – от. Моңғолдар жер ананы «Этугэн эх», оттың рух - иесін «Отхан , Галайхан» , бақсы әйелді «Удған», отқа ие болатын кенже баланы «Отчигин», жұлдызды «Од» деп атайды. Өзара үйкелеп, от шығарып алатын ағашты «Уд мод» (Уд ағаш) деген. «От ұрлағалы шамды айнала ұшып жүр» деп аңыздалатын көбелекті «удған эрвэхий» (удған көбелек) дейді. Ал шумерлер от құдайын «Уту» деп атаған. От сөзінің ежелгі тек - тамырында ортақ негіз бар екендігін осы мысалдардан - ақ байқауға болады. Моңғолдағы

«Etugene eke, otegen eke», түріктердегі Ұмай ана сияқты, жер - ана бейнесі, көк Тәңірдің зайыбы. Ол ана мен баланың , өсіп - өнудің қамқоры. Моңғолдың отты мадақтау жырында оның есімі аталады: «От ананың бұлтқа түтіні, Этүгенге жылуы жететіні» дәріптеледі. Біздің ойымызша, Этүгэн сөзінің түбірі түріктің «Отана» , «Отхан» деген сөздерінен бастау алуы ықтимал. Өйткені , көне мәдениетте от пен ошақтың рух - иесі көбінде әйел бейнесінде болатыны ғылымда дәлелденген . Белгілі ғалым Д.Банзаров: «Богиня огня у монголов носит турецкое название ут или от, т.е. огонь», – деп жазады [2 , 72]. Моңғолдар оттың рух - иесін Отхан» , ал ошақ дегенді «голомт» дейді , бұл түрік тіліндегі « қоламта » сөзімен парапар.

Қазақ пен моңғол халықтарында отқа табыну салтына байланысты бағзы ырым - кәделер бар екендігі ғылымда дәлелденген (2 , 72 - б .; 150 , Б.169 —196] .

Екі халықта да отау көтергенде арнайы «от жағарға» сайланған бәйбіше қара шаңырақтан от әкеліп, алғашқы отты жағып, «от бөлу» рәсімін жасайды. Осылайша ғұрыптық от бөлінген соң отау пайда болады . Бәйбіше қара шаңырақтың ошағынан шоқты қалақшаға салып әкеп, отауға от жағып , кәде алады. Реті келсе, әкесінің шақпағымен де тұтататын жосын бар. Моңғолдар қазір де әкесінің шақпағымен отаудың отын жағады .

От бөлу рәсімінің ертекерде орын алған іздерін С.А. Қасқабасов кешенді түрде талдаған [3 , 74 - б.].

Ел отты қастерлегендіктен түнде үйден отынның қалдығын шыға руға тыйым салған. Жанып бітпеген шаланы су құйып сөндіруге тыйым. Егер үнемдеу үшін сөндіретін болса, «отауға жағамыз » деген жалбарынуды айтуға тиіс [4 , 79-б.] . Бұның бәрі отты тірі деп елестеткен анимистік танымның сілемдері екендігі анық .

Ғалымдар тұңғыш оттың пайда болуы туралы мифтерден ежелгі дәуірдің тұрмыс - тіршілігін аңғаруға болатындығын айтқан.

Олар бұл тақырыптағы мифтерді екі топқа жіктеген :

1. Отты алғашқы сақтап отырған иесінен құстың ұрлап алуы .
2. Отты адамдар екі ағашты үйкеп шығарып алуы .

Қазақта отты алғашқы сақтап отырған түп иеден ұрлап алу туралы мифтің жұрнағы сақталған . Біз бұл сарындас екі мифтің мәтінін кездестіріп отырмыз. Біріншісін А.Ивановский «Этнографическое обозрение» журналына жариялаған . Онда Фрук деген дуананың отты Құдайдан тіленіп тозақтан , яғни ежелгі түсініктегі төменгі әлемнен әкелгендігі жөнінде мәлімет айтылған.

«Ертеде адамдар отты білмеген . Олар Құдайдан от сұрағанда күн мен айды жаратқан. Сол кезде адамдар арасында Фрук деген бір ақылды дуана бар еді. Ол жаратқаннан от сұраса, « Адам үшін күндіз күнді , түнде айды жараттым » дейді. Сонда Фрук адамдар жылынып, тамақ пісіретін оттың қажет болғандығын түсіндіреді. Құдай Фрук дуананы тозаққа жібереді, ол сол жерден оттың ұшқынын алып шығып , адамдар арасында от пайда болады » [5 , 265 - б .] .

Екінші нұсқаны ел аузынан өзіміз жазып алдық . Бұл шайтан көбелек туралы миф.

«Ертеде адамдар отқа ие болған соң төменгі қараңғы әлемнің патшасы от әкел деп шайтан көбелекті біздің ортаңғы әлемге жұмсаған екен . Ол өз еліне жарық сәуле апарса, патшасы қызын беруге уәде етіпті . Содан кеш болса жыңды көбелек от ұрламақшы боп шамды айналып ұшады . Бірақ отты қалай алудың айласын білмейді . Сөйте тұра пәруана қызға қызығып, көзсіздікпен отқа өртеніп өле береді - мыс » .

Бұл мифтің толық нұсқасы моңғол фольклорында сақталғандығын байқауға болады. Енді соны келтіріп , салыстырулар жасайық:

«Ертеде адамдар әлемінде от болмаған. Адамдар кешке жақын жоғары әлемде от жағылғанын байқап , аспаннан от ұрлауға қарлығашты жұмсаған . Ол аспанға ұшып барса, отты жоғарғы әлемнің кемпірі күзетіп отыр екен. Қарлығаш отты іле қашқанда, кемпір қолындағы қыш қашпен қарлығаштың құйрығын қысып қалған. Содан қарлығаштың құйрығы айыр болған.

Енді біздің әлемде от пайда болғанын көрген төменгі әлем патшасы от әкелуге жынды көбелекті жұмсаған. Соқыр көбелек оттың өзін емес, ұшындағы көкшіл жалынын шымшып ап, төменгі әлемге апарған. Содан төменгі әлемнің отында қызу жоқ, тек қана көкшіл жалын шығарады. Ал нағыз отты ұрламақшы болған соқыр көбелектің кеш болса отқа өртеніп өле беретіні содан» [6, Б.161-162 ; 81 , 75 - б .] .

Хакаста қарлығаш құсы (харанхай) аспан әлемінен немесе төменгі әлемнен от ұрлап әкеледі. Моңғолда қарлығаш тек қана жоғарғы әлемнен от әкеледі . Ал бурятта, әдеттегідей, отты ұрлаушы – қарлығаш. Хакаста төменгі әлемде от күзетіп отырған айдаһар жылан деген де түсінік бар.

Қазақта қарлығаштың отты әкелгендігі туралы сарын өзгеріске ұшырап, көмескіленіп кеткен болу керек. Дәл бұндай мәліметті әзірге кездестіре алмай отырмыз . Бірақ «Қазақ совет энциклопедиясында» мифология туралы жазылған мақалада « Прометейге сәйкес келетін бейне - қазақта қарлығаш » деп , бұл құстың төменгі әлемнен адамдарға от әкеліп бергендігін айтады. Қарлығаштың масаның тілін жұлып, төменгі әлем патшасы жыланның қауіпінен адамдарды туралы мотив кең таралғаны белгілі . Түйіндеп айтқанда , қазақта да оттың пайда болуы туралы мифтің жұрнақтары сақталған. Жекелеген деректермен әрі моңғол, бурят , хакас мифімен салыстыра отырып , оттың пайда болуы туралы қазақ мифіне реконструкция жасауға болатын сияқты . Сонымен, қарлығаш – жоғарғы әлемнен отты әкелуші, ал шайтан көбелек төменгі әлемге отты апармақшы қаһарман екендігін аңдаймыз.

Қазақ пен моңғол халықтарында екі ағайынды жасампаз қаһарманның қос ағашты үйкеп, от шығарып алу мотиві мүлде сақталмаған .

Австралиялық, африкалық байырғы тайпаларда екі ағашты үйкеп, от шығарып алу сарыны мол таралған. Осындай от шығарып алуға арналған ағаштың біреуін еркек, келесісін ұрғашы рәмізі ретінде елестету әлемдегі дәстүрлі мәдениет өкілдеріне тән ортақ түсінік.

Моңғолдың « Алтай сүмбэн хүү » эпосында :

Жалғыз ағаш от болмайды,

Жалғыз адам көп болмайды .

Екі ағаш біріксе от болады,

Екі адам біріксе көп болады,-

деген жыр жолдары бар. «Бұнда ежелгі адамдардың қос ағашты үй кеп от шығарып алу салтының іздері сақталған», деп жазады фольклортанушы С.Дулам.

Моңғолдарда отқа тасаттық салтында айтылатын мадақ жырлар сақталған . Қазақта бұндай рәсім көмескіленіп, мәтіндер жойылып кеткенін айту керек. Моңғолдардың отқа табыну жырында:

Хаған ием сақтаған от,

Ханыша анам үрлеген от,

Әкең сенің құрыш болат,

Анаң асыл қара тас, - деген жолдар бар.

Бұл жырда оттың әкесі мен анасы бар деген ежелгі түсініктің сарқыны айқын көрінеді. Дәл бұндай ұғым хакаста да бар.

Сонымен, қазақта отқа табыну салты көмескіленіп кеткендіктен, отқа арналған мадақ жырлар да немесе оттың пайда болуы туралы мифтің мәтіні де бізге толық күйінде жетпегендігі айқындалды. Ғалым Д. Базаров: «Ламалар ел аузындағы бақсының сарынын жинап ап, оған буддизм элементтерін қосып, кітапша жасап, елге таратқан », - деп жазады. Оның айтуынша, моңғолдарға будда діні енгенде ежелгі қара діннің киелі рәміздері бұрмаланғанымен, оның кейбір мәтіндері қағазға түсірілген көрінеді. От туралы мадақ жырлар, ежелгі түсініктер, мифтер моңғол халқында әжептәуір сақталып қалғандығының бір себебі осында болса керек. Ал қазақтарда оттың шығу тегінің өзі ислам дінінің тозағымен қатыстырылып (себебі. шайтан оттан

жаралған) , содан Фрук деген диуананың отты әкелгендігі туралы трансформацияға ұшыраған сюжеттің сақталғандығын білдік. Түйіндеп айтқанда , қазақта отқа табыну шайтанның ісіне саналып , әлемдік дін тарабынан қуғынға ұшырап, от туралы наным - сенімнің іргесі недәуір шайқалғандығы айқын білініп тұр .

Ежелгі түріктерде алғашқы отты Надулуша шығарып алған деген аңыз бар [7, 72 - б.]. Бірақ бұл түрік Прометейінің отты дәл қалай шығарып алғандығы туралы сюжет бізге белгісіз. Алтайлықтарда мынадай сюжет бар: «Улген тәңір әлемді жаратып болған соң аязда адамдар тоңа бастайды. Ол үш қызына адам баласы жылынатын отты табуды тапсырады. Оттың құпиясын сол кезде тартар (коростель) біледі екен. Алайда ұсқыны жаман міскін ол осы туралы жиынға келгенде Улгеннің қыздары күлгендіктен , өкпелеп кетіп қалады. Оның не дейтінін жасырын барып байғыз тыңдаса , «Тәңірдің үш қызы ақымақ , өздері мені мазақтап күледі. Тасты тасқа ұрса от шығатынын да білмейді » деген деседі. Міне, сол сөзден кейін отты жағып игеру пайда болған екен ».

Бұл сарын шор мифінде де бар.

Хакастарда бұған ұқсас мынадай үлгі кездеседі: «Сауысқан құстардың құрылтайын өткізіп, алғашқы отты қалай жағуға болатындығы туралы кеңес өткізеді. Сол кезде табалдырықтан аттап келе жатқан кішкентай тартар (тискер азах) сүрініп кетеді , бұған сауысқан қарқылдап күледі. Оттың құпиясын білетін тартар шамданып , тайып тұрады, оған құстар жапалақты тыңшылыққа жұмсайды . Жапалақ барса , ол былай деп отыр екен: «Анча хус чыып парып, оттын тамызарын пилбин одырлар. Тимірін хатийн алып, тастин хатийн алып, ағастын ірігін сагылдырарга кирәк» (Онша құс жиылып алып, оттың тамызарын білмей отыр. Темірдің қаттысын алып, тастың қаттысын алып, ағаштың шірігімен шағылдыру керек.)».

Хакастар оттың құпиясын білетін тартар құсын « тискер азах », а шорлар оны «чер - тарт - куш » деп атаған. Шорларда тартар құс тырнаға өкпелеп , тасты тасқа ұрса от шығады деген сырды бүгіп қалады , артынан оны қырағы кезқұйрық (таскаджан) естіп біледі.

Қазақта « Құла ат » деген миф бар . Бұл моңғолдың мифімен үндес. Бұнда от туралы көне мәліметтің ұшығы сақталғандығын көреміз .

«Мал патшасы құла ат далада ала барысқа кезігеді. Барыс : « Сен кімсің ? » - дейді .«Мал патшасы: құла атпын » , – дейді жылқы . Барыс: « Мен аң патшасы – ала барыспын , олай болса, кімнің нағыз патша екендігін күш сынасып, тексерейік», – дейді. Сонда жылқы: «Онда екеуіміз тасты теуіп, от шығарайық, кім солай ете алса, нағыз патша сол болсын», - дейді. Алдымен ала барыс бар пәрменімен тасты тепкілейді, бірақ ешқандай от шықпайды. Сонда ат тағалы тұяғымен тасты теуіп қалғанда, от ұшқыны жылт - жылт ете қалады. Содан жеңілген барыс тұра қашқан екен ». Бұл сарын шығыс славяндықтарда «Арыстан мен ат » деген ертеkte кездеседі.

Бұнда табиғи нысан барыстың табанына мәдени зат – аттың тағасы қарама - қарсы қойылып, адамның қолынан жасалған құндылықтың жеңісі дәріптелген . Барлығында ат – таға – тас үшеуінің бірігуінен оттың пайда болуы туралы көне түсініктің қалдығы сақталған.

Жалпысы , көне мәдениетте атты отпен ұштастыру ұғымы бол ғандығы байқалады. Мысалы: «Авестада» күн құдайы Митра арба жеккен төрт ақбоз ат бейнесінде елестетіледі:

Табынамыз Митраға біз ...

Ақбоз жүйрік тұлпарлар ,

Алтын сәулелі , нұрлы күнді ,

Көк аспанда тартып , эне , барады [7, 73 - б.].

Ғалым В.Я.Пропп: « ... На соединение культа огня с культом лошади , классический пример которого дает Индия , и на ту роль , которую огонь и лошадь играют в шаманизме . И действительно, в ведической религии мы видим наиболее полное развитие коня - огня в лице бога Агни », - дейді [8, 177 б].

Қазақтағы сюжетке ұқсас моңғолдың келесі бір «Барыс неге ала болған?» деген мифі былай:

«Адамға орманда барыс кездесіп, күш сынасуға шақырады. Барыс: «Әлсіз пақыр, сенің маған қарсы жұмсайтын қандай күш - қуатың бар?» - деген дейді. Адам: «Бар, оның аты ақыл», – дейді. Барыс: «Ендеше, ақылыңды көрсет», – дегенде, адам: «Ақылды үйге қалдырып кеттім, алып келейін», – деп жүре беріп, артына қарап кідіреді. Сонда барыс: «Сен неге кідірдің?» – дейді. Адам: «Сен артымнан келіп шабуыл жасай ма деп қорқам», – дегенде, барыс: «Олай болса, мені ағашқа байлап кет», – дейді. Содан адам белбеуін шешіп, барысты ағашқа таңып, үйінен шақпақ әкеліп, «Ақыл деген мынау зат» деп барысқа көрсетіп, астына қу ағашты үйіп, шақпағын тұтатып, от қоя береді. Үсті - басы өртеніп арпалысқан барыс зорға қашып құтылады. Содан бері барыстың үсті күйе - күйе ноқат болып қалған екен».

Сонымен қазақта жылқы мен барыс, славяндықтарда арыстан мен ат сайсса, моңғолда адам мен барыс, кейде ат пен аю күш сынасады екен. Нәтижесінде жылқы мен адам өзінен күші әлдеқандай басым жыртқыш хайуанатты мәдени нысан оттың күшімен жеңетіні ортақ дәріптеледі екен.

Космогониялық (аспандық) мифология. Күн культі. Қазақ мифологиясының бір түрі ретінде кеңінен қолданылатын түр – космогониялық мифология. Атынан айтып тұрғандай, бұл мифология өз табиғатында аспан әлемі мен кеңістігі, ғарыштық сфера мен оның халық танымындағы көрінісін қарастырады. Ескеретін бір жайт, космогониялық мифологияның аясына кіретін түсініктер түрлі уақыттың өлшемінен трансформацияланған. Қазақ тумысынан өз өмірін жұлдызға «аманаттайды». Бұл дегеніңіз – халық арасындағы әр адамның өзінің жұлдызы болады, жер бетінде қанша адам болса, сонша жұлдыз бар деп есептегендіктен туған дүние. Ел арасындағы «менің жұлдызым», «жұлдызың оңыңнан тусын» немесе «жұлдызы жанған» деген тіркестер осының айғағы. Егер адамның жұлдызы жарқырап айқын жанса, онда жердегі жұлдыздың иесі бақытты адам деп есептеген. Адам өлгенде, оның жұлдызы ағып түседі деген. Мұндай түсініктер – ежелгі анимистік танымның көкжиегінен туындап қалыптасқан ұғымдар деуге болады.

Күн, жалпы алғанда, оттан тұратындықтан, «от» концептісінің тағы бір мағынасы болып саналады. Сол себепті де, Күн туралы аңыздар мен ертегілер қатары да осы тақырыпқа тікелей қатысты.

Аспандық мифология — кез келген халықтың мифологиясының ажырамас бөлігін (қабатын) құрайды. Ол мифологияның басқа да қабаттарының барлығымен сан қилы байланыста ұстасып жатады. Сондықтан да «аспандық мифология» деген топтастырудың өзі шартты болып келеді, өйткені осы саланы қарастырғанда басқа да мифтік салаларды қоса қабат қарастыруға тура келеді.

Астрономия пәнін үйренудің маңызды аспектілерінің бірі ұлттық құн дылықтарға негізделген білім беру мен бірге байланысқан тәрбиені қалыптастыру болып табылады. Міне, сондықтан адамның бала кезінен әлди тыңдап, ертегілер, аңыздар мен әңгімелерді тыңдауға бейімділігі барлығынан пайда ланып заманауи білімдерді осы негізде қалыптастыруға болады. Білім берудің ұлттық қағидаларын зерделеу жас ұрпақты ата - бабаларымыздың ұлттық құндылықтарын өрнектейтін мұралар рухында тәрбиелеуге көмектеседі. Отанымыз, халқымыз тірегі болған ата - бабаларымыздан қалған рухани мұрасының өзі бір қазына болып табылады. Бұл қазынадан дана лықпен пайдалану керек. «Ай, Күн, жұлдыздар туралы мифтік түсініктер қай уақытта болса да бір мезгілде пайда болған, өйткені палеолиттің адамының да, барлық уақыттағыдай, өз тіршілігінде күндіз — Күнді, түнде - Ай мен жұлдыздарды бақылауға мүмкіндігі бар болған еді. Тек бір мезгілде пайда болғанымен Ай, Күн, жұлдыздар туралы мифтердің әрқайсысының даму қарқыны, замандық маңызы, танымдық маңызының бағалануы түрліше болды.

Күн — палеолитте екінші қатардағы мифтік нысан ретінде ұзақ уақыт бойы Энеолит және қола ғасырында (б.з.д. 3-2 мыңж.) ғана Күн Аймен теңесіп қана на өмір сүріп, неолиттің соңына таман ғана өзінің маңызын арттыра берді. Тек қоймай, оның алдына шығып, жетекші мифтік нысандардың біріне айналды. Бұл кезеңді — Күн культінің заманы деп есептеуге болады.

Ай культінің орнына күн культінің келуі — алдыңғы культтің мүлде жойылуын көрсетпейді. Жалпы, мифологияда іс жүзінде ештеңе де жойылмайды. Тек нысандардың маңыздылық дәрежесі ғана өзгереді. Нәтижесінде әрбір кейінгі, аңа заман мифологиялық комплексі міндетті түрде өзінің алдындағы уақыт ардың мифтік комплекстерінің сарқыншақтарын (қабатын немесе субстратын) сақтап отырады (сондықтан мифтерді көп қабықты жуамен салыстыруға болар еді).

Жекелеген жұлдыздар да өздерінің маңызының артуы және кемуі дәурен дерін басынан өткізді. Дегенмен, жалпы алғандағы жұлдыздар туралы мифтер Ай мен Күнге қарағанда салыстырмалы түрде бірқалыпты, бір ырғақпен дамып отырған. Жұлдыздар — барлық уақыттарда да екінші дәрежелі мифтік нысандар қатарына жатты, тек олардың кейбіреулері ғана елеулі культтік маңызға ие болды және де олардың дамуы, Ай мен Күн туралы түсініктерге тікелей тәуелді еді.

Күн мен Айдың пайда болуы. Сонымен, алғашқы қауымның рух - иелік мифологиясында әлемнің әр бөлшегі жеке жаралып, әрқайсысы өз қызметін атқарады. Ең әуелі су болады, ал ол қайдан пайда болғаны беймәлім, миф оны айтпайды. Судың бөлшегі сияқты жер судан бөлінеді, жерден аспан ажыратылады, солармен қатарлас Ай мен Күн жаратылады. Жарататын, — көп жағдайда, жасампаз қаһарман. Ол Күн мен Айды жаратып қана қоймайды, сонымен қатар олардың қызметін де анықтап, Күн күндіз жарық беруін, Ай түнде жарық болуын белгілейді. Демек, рух - иелік мифологияның аясында әлемді алғаш реттеудің бастамасы аңғарылады.

КҮН — көшпелілердің қайсысы болсын, мейлі түркі тілді, мейлі иран немесе моңғол тілді болсын, басты Тәңір болған. Егер иран тілді делініп жүрген сақ - скифтер мен массагеттер, сондай - ақ сармат - аландардың мифологиясындағы күннің мифологиялық мәні біршама зерттелсе, ғұндар мен түркілердің осындай сенімі алдын ала қойылған тар стандарттарға сай, “оларда мұндай жоқ” деген желеумен зерттелінбеді десе де болады. Қ.Салғараұлының “Алтын тамыр” (1986. 42-43 - бб.) кітабында хунну - ғұндарға қатысты сүй және сый (қытай транскрипциясы) ғұрыптары туралы қысқа түсініктемелер бар.

Қазақ тіліндегі “күн көру”, “күндеу”, “күншіл”, “күнелту”, т.б. сөздердің қазіргі мағыналарын талдап жатпай - ақ, сол мағыналардың тууына ықпал еткен мифтік түсініктерді көрсетуге болады, ең бастысы күн сөзі қаншама жаңа мәнді сөздердің жасалуына мүмкіндік бергенін білу ғана. Ал “күн “ күркіреді” деген етістіктердің күнге емес, жауын - шашынға жауды”, “күн күркіреді ” деген тіркестердегі “жауды”, қатысты екендігін байқау қиын болмас, бірақ олардың қызметі күнге берілген, яғни күн универсал мифтік шаруа атқарып тұр. Бұл да арғықазақтарда күн осы күнгі ғылыми әдебиетте айтылып жүрген Тәңір мен Ұмайдан да маңызды мифологиялық образ болғандығын көрсетеді.

Грузин жазушысы Н. Думбадзенің «Мәңгілік заңы», «Күн» атты көркем туындыларындағы Күн бейнесі туралы зерттеушілер, сыншылар біршама пікірлер айтқан. Армян әдебиеттанушысы Г. Тамзарян «Романның эпикалық бағыты басты орында Күн мен адамның жүрегі символдық тақырып болған түрлі сюжеттік желілерден тұрады», — деп жазса, В.В. Агеносов «өзіне Күн жайындағы мифті негіз еткен мифологиялық жоба ... романтикалық және тұрмыстық белгілерді жинақтаған. Романтикалық сипат өзінің болмысын сын мифологиялық белгілерден бөліп алмаған» дей келіп, «Күн туралы миф өзіне мәңгілік заңы жайлы түсінік формулаларын жинақтайды, сол ой формулаларын әлем құрылымындағы адамның орны жайлы сұрақтарға аудаарды», - деген тұжырым жасайды. Әдебиеттануда Күннің символдық бейнесіне бірнеше рет мінездеме берілді (Н. Думбадзе шығармалары бойынша). Г. Гвердцителі

пікірі бойынша, Думбадзедегі Күн жылылықтың, жердегі тіршіліктің символы, мәңгіліктің белгісімен қатар – Ана. «Күн – менің туындыларымадағы маңызды мотив. Күн – мәңгілік ғажайып күш, ол бізге жылу, жарық, өмір береді», – деп жауап береді «Ғылым және дін» журналының тілшісінің сау алына Н. Думбадзенің өзі. Думбадзенің Күн жайын дағы мифі әдебиеттанушылар қауымының назарына ілігіп, талдау негізіне айналуы әдебиеттегі мифологияның сипаты мен орнын нақтылай көрсеткен бірден - бір негіз болды. Күн бейнесі О. Бөкейде басты мотив болмаса да, белгілі дәрежеде мифтік белгілерімен көрінгеніне өзіміз келтірген мысалдар дәлел бола алады. Н. Думбадзедегі Күн бейнесімен ұқсастық белгілеріне тоқталсақ, О. Бөкейде ол – тіршілік таратушы, жылу, жарық беруші. Жазушы шығармаларынан арақидік жанды рух түрін де бейнелене көрініп отыратын Күн бейнесі көбінесе кейіп керлердің көңіл күйіне қатысты алынады.

Әлем әдебиетіндегі Күн тәңірі, от құдайы туралы аңыздар. Бұл тақырыпқа байланысты аңыздар да баршылық. Солардың ішіндегі ең көп таралғаны - «Көктен түскен төрт нәрсе» аңызы. Ол былай баяндалады: Бір күні скиф даласына аспаннан төрт алтын зат түсіпті. Оны бірінші көрген Липоксай алайын деп барса, әлгі заттар жалын шашып, оны жолатпапты. Одан кейін Арпоксай алайын дегенде ол да, от жалынынан әлгі заттарды ала алмапты. Ең соңында кіші ұл - Колаксай келгенде, жалын өшіп, Колаксай барлық затқа ие болыпты деседі. Бұл – “тарих атасы” Геродоттан қалған дерек. Мұндағы төрт зат дегеніміз – соқа мен мойынтұрық, тостаған, айбалта. Зерттеушілердің барлығы да осы заттардың идеялық - символикалық мәні скиф қоғамының үш әлеуметтік бөлінісін көрсетуінде деген пікірге тоқтам жасаған.

Колаксай – күн тәңірі немесе күнтеккі кейіпкер, барлық заттың тек соған бұйыртуына қарап, Колаксай – үш Әлеуметтік сословиенің барлығын бейнелейтін күнтеккі патша, үш дүниелік кеңістікті шарлайтын жауынгер - күн, абыз - күн, егінші - күн (басқа варианттарында малшы - күн) болған деп шамалауға болады. Д.С.Раевский осы төрт алтын - отты затты скифтік Табитидің бейнелеу мысалдары болар деген пікір айтады. Бұл да алдыңғы пікірлерге қайшы келмейді.

Келесі, Мысырлық күн тәңірі — Ра сұңқар басты адам бейнесінде көрсетілген. Оның басын күн шеңбері көмкерген. Ал мысырлық иероглиф - ортасында нүктесі бар дөңгелек шеңбер. Біздің заманымызға дейінгі 14 ғасырда Мысырда діни “революция” жасалынып, бұрынғы күн тәңірлері Амон мен Раньң орнына жаңа тәңір – Атон культі пайда болып, тарихта алғаш рет бір құдайлық дін жасау әрекеті жасалады. Бұл бүкіл мысырлық тарихи орта үшін маңызды болғанын зерттеушілер мойындайды. Бірақ оттың себептерін түсіндіруге келгенде әлі күнге дейін алуан пікірлілік аралығымен және шеңбер ішіндегі ноқатты күн образын сақталынып отыр. Көпшілік күн - Атон образын Қос өзен үндірандық күн – Митрамен байланыстырады. Митранын осындай диск түрінде түсірілгенін де ескерсек, бұл - түспалдардың ішіндегі барынша сенімдірегі болып табылады.

Ал, біздің елімізде халқымызда От-Ана құдайы - Ұмай Тәңір. От – Ұмай Тәңір-Ананың адамға сыйлаған жылуы мен ризығын бейнелейтін құдірет (ежелгі түркілер солай деп санаған). От түркілерде (баяғы заманда да, қазірде) әулие ретінде қастерленіп, қасиет тұтылған. От-Ана құдайы Ұмай Тәңір-Ананың табанынан жаралған. Оның әкесі – құрыш, шешесі – шақпақ тас. От-Ана адамның үйінде, ошағында өмір сүреді. Адамдардың жаратылып, өмірге келуі От-Ананың желеп-жебеуімен болады. Мифке сәйкес, отты ағаштан бірінші болып шығарған Надулуша пайғамбар. Отқа түкіруге, қоздап жанып жатқан шоқты басуға, ошақтағы отты өшіруге болмайды. Қазақтардың отбасында жаңа түскен жас келін алғаш табалдырықтан аттағанда, күйеу жігіттің анасы немесе басқа бір егде әйел алақанын отқа жылытып, сонымен қалыңдықтың бетін сипаған...Соғыс кезінде жауынгерлер халқының алдында адал болуға ант беру рәсімін өткізу үшін екі жерге от жағып, жас сарбаздарды «екі оттың» ортасынан өткізіп, қаруларын сүйгізген. Басқа бір елдің елшісін дала әміршісіне (қағанға, ханға немесе сұлтанға)

кіргізбес бұрын оны да екі оттың ортасынан өткізіп, отпен аластайды. Аластау рәсімінен кейін ондай адам жамандық жасай алмайды деп саналған. Егер елші жанып жатқан екі алаудың ортасынан өтуге қарсылық етіп қасарысса, онда оның сынақтан өтпегені. Мұндай жағдайда арам ниетті адам деп танып, оны өлтіріп жіберуі де әбден мүмкін. XIII ғасырда орыс князі Михаил Алтын Орда әміршісі Бату ханның ордасына кірер алдында аластау рәсімін орындаудан бас тартып, сол үшін өлімге кесілген. Міне, бұл жерден біздің қазіргі таңда да қолданып жүрген салт-дәстүріміздің қайдан пайда болғанын және оның астарында жатқан терең мағынасын байқаймыз. Мифтердің біздің өмірімізге әсер етуі міне сонда. Тарихынсыз, әдебиетінсіз ұлт, халық болмайды. Тарихымыз бен әдебиетімізді дәріптеу, біздің кемел болашағымыздың кілті.

Жалпы, тек қазақ халқы емес, гректерде Гелиос, ежелгі римдерде Аполлон, ежелгі парсы, ежелгі үнді танымында Митра, египеттіктерде Ра, славяндықтарда Яр немесе Ярило, жапондарда Аматаэрасу секілді күнтекте құдайлардың болуы «көшпелі сюжеттердің» қай халықта да, біртекті, бірізді танымның болғандығын дәлелдейді. Бұдан көретініміз, Күннің «елшілері» — күнтекте кейіпкерлер. Жоғарыда аталған Күн құдайлары, күнтекте құдайлар деп есептелген бейнелердің денінің астарында Күнге бағынушылық сарынының жатқанын байқауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность. Антология. Под ред. проф. В.П.Нерознака. М., 1997.
2. Банзаров Д. Собрание сочинений. Издательство Академии наук СССР, 1955 - 373 б.
3. Каскабасов С. Казахская волшебная сказка/ - Алма-Ата : 1969. – 225 б.
4. Мыңжанұлы Н. Қазақтың мифтік аңыздары. – Үрімжі, 1996. – 159 б.
5. Этнографическое обозрение. 1890. №4.
6. Цэрэнсодном Д. Монгол ардын домог улгэр. 1989г. - Улаан-Баатор.
7. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы// жауапты ред. С. А. Қасқабасов - Алматы : Баспалар Үйі, 2009 . - 190 б.
8. Пропп В. Исторические корни волшебной сказки. — Л.: Изд-во ЛГУ, 1946. — 364 с.

ӘОЖ 1751

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАҢҚТЫ ЖЫРАУЫ ҚОЖАБЕРГЕН

Даулетхан Құралай

Kura.505@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты

Ғылыми жетекшісі: профессоры, ф.ғ.к Байтанасова Қарлығаш Медетқызы

Қазақ хандығының құрылуы мен оның дербес мемлекет болып, алысқа айбар, жақынға сұс болып қалыптасуына елеулі үлес қосқан даңқты билеушілер мен абыз, би-шешендердің қатарында Қожаберген Толыбайсыншыұлы да бар.

«Қаратаудың басынан көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» - деген зарлы әнді тыңдай бастағаннан-ақ әр қазақтың жүрегін елжіретіп, сай- сүйегімізді сырқыратар күй кешеміз. Қожаберген сол 1680-1710 жылдар аралығында ел басына күн туған нәубет заманда алты алаштың аруағын көтерген қаһарман қолбасшы, сол тарихтың тірі куәгері, оны «Елім-айлап» ұрпаққа жеткізуші жырау.